



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№103  
(20377)



12 шілде, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz

Қазақстанның бірінші нөмірлі теннисшісі Елена Рыбакина Англия астанасы Лондон қаласындағы Уимблдон турнирінде тунистік Оис Жаберді жеңіп, ел спорты тарихында тұңғыш мәрте жоғары табысқа қол жеткізді.

## Тарихи жеңіс

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Елена Рыбакинаны Уимблдон турнирінің финалына шығуымен құттықтады. «Елена Рыбакинаны теннистегі ең беделді жарыс саналатын Уимблдон турнирінде табысты өнер көрсетуімен құттықтаймын. Ол финалға шықты» деп жазды Мемлекет басшысы әлеуметтік желіде.



Айта кетсек, финалдық ойынның бірінші сетін тунистік теннисшісі 6:3 есебімен өзінің пайдасына аяқтады. Екінші сетте Елена ес жиып, қарсыласына лайықты жауап қайтара білді. Бірден қарсыласының геймін жеңіп, алға шығып кетті. Одан кейін бесінші гейм барысында тағы бір брейк жасады. Осылайша атаған сет 6:2 есебімен Еленаның жеңісімен аяқталды. Одан кейінгі үшінші сетте қазақстандық теннисші басымдығын арттыра түсті. Бұл жолы да 6:2 есебімен жеңіп, Уимблдон турнирінің чемпионы атанды. Ол екі миллион фунт стерлинг (бір миллиард теңгеден астам) сыйақы алды. – Матчка дейін де, оның барысы да маған оңай тиген жоқ. Қарсыласыма тамаша бәсекес үшін алғысмызды айтамын. Жанқұйыңдарға рахмет. Олардың алдында ойнау мен үшін үлкен құрмет еді. Мен жарысты екі айта бойы жалғастырамын деп ойлағаным жоқ. Ал жеңімпаз болу тіпті ғажап, – деді ол.

Елена Рыбакина 1999 жылдың 17 маусымында дүниеге келген. 2018 жылдан бастап Қазақстан атынан сығана түсіп жүр. 2019 жылдың шілдесінде Рыбакина теннистен Бухарест ашық чемпионатына қатысты, онда ол WTA бойынша бірінші титулын жеңіп алды. 2020 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарына қатысып, төртінші орын иеленді. Кеше Мемлекет басшысының Жарлығымен Елена II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. «СБ» ақпарат

### ● ПРЕЗИДЕНТ



## Тетіктерді жетілдіруді тапсырды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенованы қабылдады.

Президентке министрліктің жұмысы, соның ішінде зейнет-ақымен қамтамасыз ету және Әлеуметтік кодексе әзірлеу мәселелері туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстандағы әрбір отбасының әл-ауқатын арттыруға және жұмыспен қамту ісін табысты болуы үшін жағдай жасауға бағытталатын жана әлеуметтік саясат қалыптастыру тәсілдері ұсынылды.

Тамара Дүйсенова Мемлекет басшысына Отбасының цифрлық картасын жасау, Әлеуметтік қызмет көрсету порталын және Әлеуметтік қазынашылық ақпа-

раттық жүйесін дамыту жоспары жөнінде айтты. Президент геосаяси жағдайдың өзгеруін және еңбек нарығына қысымның күшеюін ескере отырып әзірленген көпшілік саясатын дамыту жоспарымен танысты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік еңбек саласындағы өзекті проблемаларды шешу жөнінде бірқатар тапсырма берді. Мемлекет басшысы жастарды жұмыспен қамту бағдарламаларының тиімділігін арттыру, әлеуметтік қорғау жүйесінің тетіктерін жетілдіру қажет екенін атап өтті.

### ● СЕССИЯ

## КЕҢЕСКЕН ІСТЕ КЕМДІК БОЛМАЙДЫ

Өңірдің ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА ОҢ ТЕНДЕНЦИЯ БАР

Кеше VII сайланған облыстық мәслихаттың кезекті 17-сессиясы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, қала, аудан әкімдері мен басқарма басшылары қатысты. Сессияны облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқасамов ашып, жүргізіп отырды.

Сп Айгүл БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Күн тәртібінде 15 мәселе қаралды. Алғашқы болып облыс әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау туралы есебі және бильяға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы бойынша Нұрлыбек Машбекұлының баяндамасы тыңдалды.

Өздеріңіз білетіндей, облыс әкімінің тағайындалғанына үш айдан асты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес маусымның 22-30-ы аралығында аудандар мен Қызылорда қаласында халықпен кездесулер өткізіп, елдің тыныс-тіршілігімен танысты, азаматтардың мәселесін тыңдап, жеке қабылдаулар жүргізді. Қазіргі кезде тұрғындардың көтерген мәселелерін шешу жөнінде іс-қимыл жоспары бекітілген.

Аймақ басшысы осы мәселе-

лерді айта келіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін саралап өтті.

– Есепті кезеңде облыстың экономикалық дамуында оң тенденция бар. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,4 процентке, инвестициялар тарту 14,7, құрылыс жұмыстары 8,3, пайдалануға берілген тұрғын үйлер 11 және сауда 1,4 процентке артты. Дегенмен, өнеркәсіп өндірісі жыл басынан бері төмендеп келеді. Өйткені, өңірде мұнай өндіру көлемі жыл сайын азаюда. Оның ең жоғары көлемі 2007 жылы 11,7 млн тоннаны құраған, бильғлы болжам бойынша тек 3,5 млн тонна мұнай өндіруге болады. Жұмыс жасап тұрған шағын

және орта бизнес субъектілерінің саны 6,5 процентке артып, 52876-ны құрады. Биыл өңірге 373,5 млрд теңге инвестиция тарту көзделген. Осы орайда Индустрияландыру бағдарламасының үшінші бесжылдығында құны 654 млрд теңгенің 46 жобасын жүзеге асыру жүргізілуде, – деді облыс әкімі.

Жалпы Индустрияландыру бағдарламасы арқылы іске қосылған жобалар аясында шығарылған өнім көлемі 22 млрд теңгені құрап, 18,2 процентке артқан. Биылдың өзінде 9 млрд теңгеге 258 жұмыс орны құрылатын 5 жоба іске асырылды. Бүгінде шыны зауытының қосу-реттеу жұмыстары аяқталуға жақын. Бұл өндірісте заманауи,

толық автоматтандырылған технология пайдаланылатын болады, ол үшін жоғары білікті мамандар қажет. Алайда, елімізде шыны өндірісі саласында мамандар жеткіліксіз. Осы ретте қондырғыларды монтаждап, жергілікті мамандарды даярлау үшін 140 шетелдік маман тартылуда. Қазір оның 109-ы келген, қалғаны шілде айының соңында келеді деп күтілуде.

– Мемлекет ауыл шаруашылығын қолдауға жыл сайын облысқа 15 млрд теңге көлемінде қаржы бөледі. Бұл аз қаржы емес, оны тиімді және мақсатты пайдалансақ, үлкен мүмкіндік бар. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдары өгісі 185,6 мың гектарды құрады. Су тапшылығына қарамастан, күріш алқабын тәуекелге барып 78 мың гектар көлемінде өктік. Суды аз қажет ететін малазықтық дақылдармен қатар картоп, көкөніс, бақша дақылдарының көлемі 5,2 мың гектарға ұлғайтылды. Егінді әртарапандыру бағытында биыл 200 гектарға соя, 312 гектарға қант құмайы егілді. Өткен айда Мәжілістегі Парламенттік тыңдауға қатысып, депутаттар алдында су шаруашылығының өзекті проблемалары мен Арал теңізінің қазіргі ауыр ахуалын көтердім. Алдағы уақытта нақты қолдау шараларын жасаймыз. Су тапшылығына байланысты Үкімет резервінен көмек ретінде 3,6 млрд теңге қаржы бөлінді, – деді облыс басшысы.

2-бет



### ● ҮКІМЕТ

Кеше ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайылов Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау бойынша кеңес өткізді. Онда азық-түлік бағасының өсуін тежеу, инвестиция тарту және өңірлердегі өзекті әлеуметтік проблемаларды шешу мәселелері қаралды.

## Толғандыратын мәселе уақытылы шешілуі тиіс

Премьер-Министрдің орынбасары – сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының бағасы 17,4%-ке көтерілгенін хабарлады. Ең көп өскен піяз, қант, сәбіз, картоп, қарақұмық, макарон, ұн және қырыққабаттың бағасы. Ал тауық жұмыртқасының бағасы төмендеген.

Өңірлер бөлінісінде азық-түлік Жетісу және Жамбыл облыстарында (19%), Алматы, Маңғыстау және Ұлытау облыстарында (18,9%), сондай-ақ Нұр-Сұлтан мен Шымкент қалаларында (18,6%) қымбаттаған.

Әліхан Смайылов «айналым схемасы» шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бойынша жұмысты жандандыруды, тұрақтандыру қорларының толықтырылуын қамтамасыз етуді және бөлшек сауда үстемесіне мониторинг жүргізуді тапсырды.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне көтерме жеткізушілердің бағалық сөз байласу және бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттерін бақылауды күшейту, Қаржылық мониторинг агенттігіне заңсыз қант сатушылардың қызметтерінің жолын кесу, оның ішінде әлеуметтік желілер мен жарнамалық қосымшалар арқылы сатуды болдырмау, сондай-ақ қант жеткізу арналарын бақылауға алу жүктелді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселені қарау барысында Үкіметтің ҚР инвестициялық саясатының жана тұжырымдамасын қабылдағаны атап өтілді. Оның шеңберінде негізгі капиталға салынған инвестициялар бойынша жанартылған индикатор 2026 жылға қарай ЖІӨ-нің 25,1% деңгейінде белгіленді.

Кенеске қатысушылар өңірлерде жалақы бойынша бәсекелестік болдырмау, еңбек дауларын шешу және алдын алу мәселелерін талқылады.

Жыын қорытындысы бойынша облыс әкімі басқарма басшылары мен қала, аудан әкімдеріне бірлесіп жұмыс жасап, маңызды мәселелердің алдын алуға іс-шара қабылдауды тапсырды.

### ● ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

## Қорын білмей, қор қылмайық

### ЖЕРАСТЫ СУЫ ЖЕТЕ ЗЕРТТЕЛЕ МЕ?

«Судың да сұрауы бар» дегенді көп айтқанымызбен, мәселенің түпкі мәніне әлі жетпедік. Су тапшылығы бойынша еліміз Азияда Бангладеш, Үндістан, Қытай және басқа елдерден кейін 8-орында. Бұл тапшылық қазірдің өзінде өңірмізде анық байқалып отыр. Тапшылық жайы сөз болғанда жауаптылар ел аумағында жерасты суларының көптігіне неқ артып, ақталғысы келетіндей. Бірақ сол суды қалай жаратып отырмыз?

Сп Биболат СӨТЖАН, «Сыр бойы»

### КЕНІН КЕСІРІ ТИДІ

Су шаруашылығында қордаланған мәселе өте көп. Су ресурстарын басқаруда кемшілік жетерлік. Айталық, елімізде суды пайдаланудың тиімділігі өте төмен деңгейде. Суға қойылған тариф шығынды өтемейді. Инвестиция көлемі аз, су инфрақұрылымы да ескірген. Бұл мәселелер мінберлерде айтылды да. Кезінде Сенат депутаты Ақылбек Күршімбаев елде 2200-ден астам несіз, өздігінен ағатын скважиналар барын айтқан. Ал, суармалы егістіктің тек 16 процентіне ғана тамшылатып суару технологиясы мен жаңбырлатыншы қондырғылар пайдаланылады. Депутат келтірген мәліметке қарағанда, елдегі су тапшылығы 8 жылдан кейін жылына шамамен 12-15 текше шақырым, яғни, 15 процентті құрайды екен.

2-бет



### ● ӨНІР ӨНІМІ

## Өзіміздің өріктің тосабы



Шағын ауылдарда өз шаруасына құнтты ағайын жетерлік. Ең керекті деген өнімді шығарып, өздеріне үлгі болғандарды қалай мақсатқа та жарасалды. Сыр дақылы – күрішпен танымал Жалағаш өңірінде мұндай мысал жетерлік. Осы ауданда қарасты Мырзабай ахун ауылында егіннен бөлек, елге қажетті дайындап жүрген қыз-келіншектердің еңбегі елі бұл.

Сп Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Ауылда «Егінші» жеке шаруашылық серіктестігі жұмыс істейді. Күріш өсірумен айналысатын серіктестіктің төрағасы Ерұлан Өмірсеріков. Айтпақшы, шаруашылықтың қосымша 5 гектар алма бағы бар. Бақша да егеді.

Көбіне-көп ауыл өнімдерін, ондағы еңбеккерлерді насихаттап, өз ұсынсытарымен жиі көрінетін төрағаны сырттай білетінбіз. «Ауылға болсын» дейтін кейбір бастамаларын өзі де жүзеге асырып жүр. Оған дәлел – осы Мырзабай ахун ауылынан былтыр «Берекегі нан» наубайханасын ашып, үш адам тұрақты жұмысқа қабылданыпты. Күнне 150-ге жуық нан пісіріп, өз тұтынушыларын риза еткен наубайхана өнімі бұл ауылдан бөлек, көрші «Мәдениет» ауылындағы дүкендерге де жеткізілуде.

Биыл Мырзабай ахун ауылындағы соны жаналықтың бірі – өрік тосабын дайындау. Наубайханадағы келіншектер мұндай маусымдық жұмысты қалт жібермегенге ұқсайды. Ауыл тұрғындарының ауласында өсіп тұрған сары өріктің келісін жүз теңгеден қабылдап, күніне бір литрлік ыдыспен 40 дана тосап дайындаған.

– Әу баста бұл ұсынсыты өзін көтердім, – дейді серіктестік төрағасы Ерұлан

Өмірсеріков. – Ауылда өрік ағаштары жетерлік, көбі піскен уақытта жерге төгіліп, босқа рсауа болуда. Екіншіден, мойындау керек, қазіргі қант бағасы шығанда тұрғанда, екінші бірі тосап қайнатуға қаражаттан қысылды. Болмаса кейбірінде уақыт жоқ немесе оны дайындаудың өлдісінен бейхабар. Шыны керек, «жерге шашылып, обал болмасын» деген ниетпен ауыл тұрғындарынан өрікті қабылдап, тосап қайнату жұмысын осылай бастап кеттік. Шаруашылық есебінен қант, қажетті шыны ыдыстар алынды. Тіпті, арнайы «Мырзабай тосабы» деген атаумен этикеткасын дайындап, дүкендерге қолжетімді бағада өткізілудеміз.

Төрағаның айтуынша, ерінбеген адамға ел ішінде тіршілік көп. Көзін тапсаңыз болғаны. Айтпақшы, тосап қайнату идеясы келесі жылы үлкен ауқымда іске аспақ.

Қай жерде ең табыс сұраныс – азық-түлікте. Әсіресе, ауылдан шығатын өнім қашанда бағалы. Кейінгі жылдары өз ісін бастап, оны кеңейтіп жүргендердің саны артып келеді. Мемлекет тарапынан берілетін мүмкіндік те бар. Тек талпыныс пен табанды еңбек болса болғаны.

Жалағаш ауданы



### ● COVID-19

## Индет қайта өршіп барады

Шартартың түкпір-түкпірінде коронавирус індеті күннен-күнге өршіп барады. Алматы инфекцияның қайта таралуына байланысты «қызыл» аймаққа жақындап қалған.

Бұған дейін «сары» аймақта болған Алматы қаласы кейінгі тәуліктің көрсеткіші бойынша алдыңғы орынға шығып, «қызыл» аймаққа жақындады. Ал «жасыл» аймақта тұрған Нұр-Сұлтан

қаласы «сары» аймаққа жақын тұр. Қалған қалалар мен облыстар «жасыл» аймақта.

COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссияның мәліметінше, елде тәулігіне 416 адам індет ілмегіне ілінсе, шамамен 126 тұрғын осы кеселден жазылып шықты.

– Елімізде барлығы 1 293 448 адам COVID-19-дан емделді. Ал вакцинаның бірінші компонентін 9 532 368 адам, екінші компонентін 9 315 917 адам салдырды, – деп жазылған комиссия мәліметінде.

4-бет





## ҚАБЫЛДАУ

## Балуан мен ақынға құрмет

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев республикалық «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпазы Мақсат Исағабалов пен халықаралық «Алтайдай жер қайда?» атты ақындар айтысында бірінші орын алған Мұхтар Ниязовты қабылдады. Жүзесуге мәдениет және спорт саласының мамандары, ардагерлер қатысты.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»



— Сыр бойы — қашанда таланттарға бай өңір. Жерлесіміз Мақсат Исағабалов елорда төрінде өткен «Қазақстан барысы» турнирінде жеңімпаз атанып, мықтылығын дәлелдеді. Ал үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, айтыс өнерінің ақтангері Мұхтар Ниязов жақында ғана Шығыс Қазақстан облысында өткен халықаралық ақындар айтысында алдыңғы орыннан көрінді. Осылайша жерлестеріміз Сыр өңірінің абыройын тағы бір мәрте асқақтатты. Қашанда ұлттық намыс әрбір адамды жеңіске жетелейді. Билығы жылдың мамыр айында өңірде мәдениет пен спорт саласы бірігіп, ірі құрылымға айналды. Ол — бірліктің белгісі. Оның нақты дәлелі — Мақсат пен Мұхтардың үйлесімі жеңісі. Жас ұрпақ осындай озық азаматтарға қарап бүй түзейді, жеңіске ұмтылады. Шығармашылығын шыңдалды. Спортта шығыады. Жерлестеріміздің дүбірлі додадағы айтулы жеңістерің жас ұрпақ лайықты жағдайлар берсін деген келеді, — деді облыс әкімі.

Жүзесуге барысында балуан Мақсат Исағабалов бұл тек өзінің ғана емес Сыр өңірінің ортақ жеңісі екенін жеткізді.

— Жерлестеріміздің қолдауын әрдайым сезінемін. Маған тілеулеріңізді білдірген азаматтар әуежайдан күтіп алып, үлкен қошемет көрсетті. Оларға алғысым шексіз. Әлі де Сыр өңірінде спортқа ғана емес барлық салада тек қана үздіктер шығады деген ойымын. «Мәдениет пен спорт егіз» демекші Мұхтар ағамыздың жеңісімен құттықтаймын. Алдағы уақытта «Алтын белбеу» мен алтын тәйтуға туган топыраққа бірнеше мәрте алып келуге күш саламын. Сондай-ақ, халықаралық «Өлем барысы» турнирінде жеңіс тұғырынан көрінсем деген мақсатым бар. Сыр өңірі әрдайым жоғары биіктен көріне берсін деймін, — деді М.Исағабалов.

Айтсырқы Мұхтар Ниязов әрдайым жерлестерінен үлкен қолдау көріп келе жатқанын атап өтті. Бұл орайда облыс әкімінің мәдениет пен спортқа жанышын екенін, жастарға қолдау көрсетіп жүргенін жеткізді. Осындай қамқорлықтың арқасында қызылордалық үздіктер талай баскекке топ жарып, елдің мерейін тасытты.

Жүзесуге Мақсат Исағабаловтың жеке бапкері Болатбек Кенесев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Әріп Қожанов, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқасымов жүрежарды лебізін білдірді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мақсат Исағабаловқа екі бөлмелі пәтердің кілтін табыс етсе, Мұхтар Ниязов ақшалай сыйлыққа ие болды.

## КЕҢЕСКЕН ІСТЕ КЕМДІК БОЛМАЙДЫ



Сондай-ақ, биыл барлық қаржы көздерінен жалпы ұзындығы 1034 шақырымды құрайтын 162 каналды тазалау, 156 насос қондырғысын сатып алу, 87 ұңғыманы жөндеу және бұрғылау, 322 гидротехникалық құрылысты жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде, су ташылығының теріс салдарын төмендетуге мүмкіндік жасалды.

— Біз қазіргі кезде азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында әр ауылдың мүмкіндігіне қарай көкініс және бақша өнімдерін өзімізде өндіру үшін бос жатқан жерлерді икемдеп, егін егуге ынталы азаматтарға бөліп беріміз ықпал. Менің тапсырмаммен бұл жұмыстар барлық ауданда жүргізілуде. Нәтижесінде жоспардан бөлек, облыста 1433 гектар жерге қосымша егін егілді. Биыл егіншілік саласына 4,3 млрд тенге, мал шаруашылығын субсидиялауға 4 млрд тенге қаржы қаралды. Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында мал шаруашылығы сала-сында өсім бар. Облыста ет 101,6%, сүт 101,9%, мал басы 103,5-114,0% аралығында өсті. Ендігі кезекте мал өнімдерін өндірумен бірге оны терең өңдеуге мән береміз, — деп атап өтті аймақ басшысы.

Халықтың әл-ауқатын арттырудың тағы да бір ошмамшарты — инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту. Бұл орайда әлемдік стандарттарға сай әуежайымыз да заманауи сипатқа ие болуы керек. Жерлесіміз Болат Өтемұратовтың қолдауымен жана әуежайдың жоба-металдық құжаттары әзірленуде. Жыл соңына дейін құрылысы басталады.

— Мамыр айында өңірімізге Ұлттық экономика және Энергетика министрлері арнайы жұмыс сапарымен келіп, бірқатар жобаларға қолдау білдіретінін жеткізді. Соның бірі — құны 215 млрд тенгені құрайтын, қуаттылығы 240 мегаватт жетегін жана жылу электр станциясын салу. Жобаның іске қосылуы 2025 жылға жоспарлануда. Тағы бір мәселе — «көгілдір отынмен» қамту. Біз аудан орталықтарын толықтай газға көсіткі.

1-бет



Бүгінде табиғи газды облыс халқының 67 проценті тұтынады. Биыл ауылдық елді мекендерді газдандыру бойынша 13 жобаны іске асыру басталды, оның 7-ін осы жылы аяқтаймыз. Нәтижесінде, 15 мыңнан астам халқы бар 8 елді мекен табиғи газға қол жеткізеді. Осылайша, газ тұтынатын халық санының үлесі 68 процентке жетеді, — деді осы ретте облыс әкімі.

Нұрлыбек Нәлібаев сонымен қатар автомобиль жолдары, көше, көпір, тұрғын үй құрылыстарына да тоқталып, атқарылып жатқан жұмыстарды бағынды. Сондай-ақ, білім беру, денсаулық сақтау салаларындағы ілгерілеу де сөз болды. Мәселен, биыл 4350 орынға арналған 9 мектеп пайдалануға берілді. Оның 6-ы мемлекет қаржысынан, 3-і жеке инвесторлар арқылы салынған. Осы мектептердің 2-уі апаттық жағдайдағы білім ордаларының орнына бағытталған. Оған қоса, облыста пайдалану мерзімі 30 жылдан асқан 6 мектепке күрделі жөндеу, 13 білім беру нысаны қазандықтарын газға ауыстыру және 2 мектептің бу қазандығын ғимараттан шығару жұмыстары жүргізілді. Денсаулық сақтау саласында да ауқымды жұмыс бар. Атап айтқанда, биыл Қызылорда қаласында облыстық қан орталығы құрылысын бастауға республикалық бюджеттен 250 млн тенге бөлінген. Құрылыс келесі жылы да жалғасатын болады. Ал келер жылы құны 36,9 млрд тенгені құрайтын 100 келушіге арналған емханасымен бірге 300 текетік көпбейінді аурухана құрылысы жүргізілмек.

— Біздің міндет — халықтың әлауқатын арттыруға бағытталған тиімді бюджетті қалыптастыру. Облыс бюджетінің әлеуметтік бағыттылығы сақталып, құрылымды әлеуметтік саланың үлесі 276,1 млрд тенгені немесе жалпы шығындар көлемінің 63,8%-ін құрайды. Облыс бюджеті субвенциялы екені барлығына мәлім, дегенмен, өз кірістерімізді қызылорда жылы үлгідей түсті облыс басшысы. Мұнан кейін бұлға арналған облыстық бюджеттің атқарылуына тоқталды. Облыс басшысы атап өткендей, ендігі жерде республиканың басқа облыстарында тіркелген, бірақ негізгі қызметін біздің өңірде жүзеге асыратын компаниялардың облыста филиалдарын ашу барына псыкиталмақ. Бұл бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтуға қатысты. Ал бюджеттің шығыс бөлігіне байланысты қандай мәселелер бар? Мұны да облыс әкімі таратып айтып берді.

— Халыққа қажетті инженерлік инфрақұрылымды қамтамасыз ету, яғни сумен, электрмен, газбен, жылумен жабдықтауға, жолдардың сапасына негізгі басымдық берілді. Ал, енді нысандардың құрылысы және жаңғырту мәселелеріне талап күшейтілуде. Әсіресе, жобалардың қымбаттау түтіктері түбегейлі қаралатын болады. Менің бастамамен, құрамына облыстың білікті құрылысшылары, жобалаушылар, депутаттар, белсенді қоғам қайраткерлері енгізілген арнайы облыстық Кеңес құрылды. Бұл Кеңес облыс аумағында жоспарланған құрылыс нысандарының жобаларын қарайды. Кеңестің өз шешімін алған жобаларға ғана тиісті қаржы қаралатын болады. Мұндағы мақсат — бюджет қаражатының тиімділігін, нәтижелілігін арттыру. Бүгінге дейін Кеңес аудандардан 418 жоба ұсынғанын, кеңес мүшелерінің қарауымен 306 жоба мақұлданды, 36 жоба тиімсіз деп танылған, 76 жоба қосымша зерделеу үшін кейін қайтарылған. Мақұлданып жоыбар алдағы уақытта тек сұлданған кезектілікке сәйкес жүзеге асатын болады, — деді облыс басшысы.

Сондай-ақ, кезек күттірмейтін жобаларды атап, мәслихат депутаттарынан қолдау білдірілі құралды.

Сессия алдында өткен облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында күн тәртібіндегі мәселелер түгел қаралып, талқыланып болатын. Онда 2021 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөнінде облыстың тексеру комиссиясы төрағасының міндетін атқарушы Роман Мұсабеков, облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай және облыстық мәслихаттың экономика, қаржы және жергілікті басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының

төрағасы Талғат Жакыпбаевтың хабарламалары тыңдалды. Депутаттар Ибадулла Тілеп, Мейрамбек Жұмашев бөлінген қаржыны бақылауға байланысты сұрақ қойып, қаржыны игермегендерді жазалауды ұсынды. Депутат Аида Әбибуллаева инклюзивті орталық ашу жөніндегі ұсынысының қолдау таппай жүргеніне және облыстық балалар ауруханасы жанындағы онлту орталығына туа бітті сал ауруымен ауыратын балаларға аса қажетті саналатын құрылысын сатып алуға қаржы қаралағанына қыжжылыс білдірді.

Сессияда сонымен бірге облыстық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық жалақыларына бюджет қаражаты есебінен ынталандыру үстемеақыларын белгілеу мәселесі қаралды. Депутаттардың қызу талқысына түскен де осы мәселе болды. Бұл жөнінде облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай хабарлама жасап, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың кәсіпкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекке төлеу жүйесі туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы қаулысына өзгеріс енгізілгені, енгізілген өзгеріске сәйкес тиісті жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықтарына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандыру үстемеақыларын белгілеу құқығы берілгенін айтып, үстемеақылардың мөлшерімен таныстырды. Депутаттарды елең еткізген де осы болды. Мәселен, жасалған жобала ұйым басшысы 17 еселенген базалық лауазымдық жалақыдан артық емес, ұйым басшысының орінбасары 14 еселенген, құрылымдық болыс басшысы 6 еселенген, қосалқы персонал және жұмысшы 6 еселенген, әкімшілік персонал 5 еселенген БЛЖ-дан артық емес деп белгіленген. Депутаттар онысыз да басшылардың айлық еңбеккеақысы қарапайым жұмысшыдан көп екенін, сондықтан 17 еселік үстемеақы беру әлеуметтік әділетсіздікке жол беретінін айтып, еселік көрсеткіші өзгертуді ұсынды. Алайда, сессия отырысында оның нақты мән-жайын аймақ басшысы түсіндіріп, бұл ұсынысқа қолдау білдіруді сұрады. Облыс әкімінің айтуынша, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарда да төмен жалақымен жүрген басшылар бар, сонымен бірге техникалық қызметкерлердің, атап айтқанда жұргізушілердің, өзге де қарапайым жұмыскерлердің айлығы өте төмен деугейде. Сондықтан олардың айлықтарын тек осы ережemen ғана көбейту мүмкін болып отыр, басқа жолы жоқ.

— Бұл жерде мәселе былай. Біз мемлекеттік немесе саяси қызметкерлердің жалақысына қаражат сұрап отырған жоқпыз. Бұл жерде төмен еңбекақымен жүрген жұргізушілерге, техникалық қызметкерлердің еңбекақысына қатысты болып отыр. Мәселен, осы мекемеде жұмыс істеп жүрген жұргізушілер, техникалық қызметкерлер 60-70 мың айлықпен жүр. Қазіргі кезде бұл өте аз. Олар да бізбен бірдей таннан кешке дейін еңбек етеді. Бала-шағасы бар. Мұны әлеуметтік қолдау деп түсіну керек. Осы мөлшермен көбейткеннің өзінде жүргізушілерді әлі еткенде 150 мың тенгеге барады. Сондықтан қолдауларыңызды сұраймын, — деді аймақ басшысы.

Мұнан кейінгі кезекте күн тәртібіндегі өзге де мәселелер талқыланды. Олардың қатарына «Қызылорда облысы әкімдігінің дербес құрамын келісу», «Облыс бойынша барлық деңгейдегі әкімдердің халықпен кездесуінің 2022 жылға арналған күнделістігі келісу», «Облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның құрамын бекіту» және басқа мәселелер бар.

Сессияда ҚР Парламент Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы «AMANAT» партиясының мәслихатқа фракция жетекшісі Ләйлі Төрепова, «Ауыл» партиясының мәслихатқа фракция жетекшісі Серікбай Өмірзақов сөз алып, ұсыныспікірлерін білдірді.

## Қорын білмей, қор қылмайық

Экономикада су ресурстарының мұндай жетіспеушілігі бұрын-соңды болған емес. Иә, былтырғыны айтағанда, еліміз нағыз су ташпылығын әлі сезінген жоқ. Жыл басында Сенат депутаты Ғұмар Дүйсенбаев кен орындарын игеруді белсенді түрде кеңейту су ташпылығының артуына әкелетінін айтқан. Соның бір мысалы — республикадағы жер қойнауын пайдаланушылар жерасты суларының манығын кен орындарына барлау жүргізіп, ұңғымалар қауады. Салдарынан жерасты сулары мұнаймен араласып, ластанған. Мысалы, Ақтөбе облысындағы «Көкжиде», Қызылорда облысындағы миллионнан астам тұрғыны бар қаланы қамтамасыз етуге жететін үлкен «Мың-бұлақ» жерасты сулары кен орындарының кесірінен ластанып кетті. Осылардың барлығы шөл даланың көбеюіне әкелді. Енді халық тұтынатын ауызсуы да жеткізе алмай әлек бола бастайтын тәрізінде.

### МАМАН РЕСМИ ДЕРЕКТІН ЖАЛҒАН ЕКЕНІН АЙТАДЫ

Саладағы алаңдартарлық ахуал мұнымен шектелмейді. Ең қорқыныштысы — еліміздегі жерасты сулары көлемі туралы нақты ақпараттың жоқтығы. Кейбір дереккөздерде Қазақстанның жалпы тұщы су қоры 429 текше шақырым деп бағаланған. Ал Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өткен жылдың соңындағы мәліметіне сәйкес, Қазақстанда тұщы суудың үлкен қоры бар, 3,5 мыңнан астам текше көздері анықталған екен. Олардың жалпы көлемі алдын ала мәліметтер бойынша 100 текше шақырымнан асады. Оның 58 проценті Алматы, Жамбыл және Қызылорда облысына тиесілі. Дегенмен инженер-гидрогеолог Анар Тілеулесованың айтуынша, бұл ақпарат нақты емес.

— Елімізде тұщы су қоры қанша екенін ешкім білмейді. Оған қоса 3,5 мыңнан астам жерасты көздері бар дегенімізбен, жер-жерде табиғи су кездері, бұлақтар тартылып қалып жатыр. Халықтың 93 проценті таза ауызсумен қамтылған деп айтып жүрсек те, ауызсу мәселесі көптеген өңірлерде өзекті болып отырғанын жасырын емес. Жалпы, тұщы су қорымыз 2025 жылға 75 текше шақырымға дейін, ал 2050 жылға дейін 50 процентке азайды деген болжам бар, — дейді Анар Тілеулесова.

### СУҒА ҚАТЫСТЫ ЗАҢНЫҢ ОЛҚЫЛЫҒЫ КӨП

Бір қызығы, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану» кодексінен жерасты сулары мүлдем алынып тасталған. Сондай-ақ, су шаруашылығына жауапты мекемелерді министрліктерге, облыс әкімдіктеріне, комитеттерге бөліп тастаған. Анар Тілеулесова су ташпылығына да су ресурстарын басқарудың осы тиімсіздігі себеп болып отыр деген пікірде. Ойлан қарасақ, бүгінде еліміздегі су мәселесімен 6 министрлік, жергілікті атқарушы органдар мен «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы айналысады екен. Сондықтан ешкімде тікелей жауапкершілік жоқ, яғни, мынанда жүктің жоғын біліп, әркім өз білгенін істей береді.

— Ең алдымен мәселенің занамаалық жағы қолға алынғаны дұрыс. Себебі бір-біріне қайшы заңдар көп. Әділет министрлігі оларды бір жүйеге келтірмесе, жер қойнауын пайдаланушылардың әрекеттерін заң аясында шектеу де қиына соғады. Сондай-ақ, барлық су ресурстары бір қолда болуы, бір мекемеге біріктірілуі керек. Сонда ғана жауапкершілік болады. Содан кейін жан-жақта жүрген мамандарымызды жинап, жұмысын жүйелі үйлестіру керек, — дейді сарапшы.

Маман суды пайдалануды бақылау схемасы жасалуы керегін айтады. Елімізде қанша мекеме қандай мөлшерде су алатынын есептеу қажет.

Әйтпесе суды үнемдеу керек деп жүргенімізбен, қуаты түзілігіне 50 текше метрге дейінгі су құжатналарын бұрғылау үшін қазір арнайы рұқсат алудың қажеті жоқ. Ойлан қарасаңыз, 1 текше метр — мың литр су, яғни, түзілігіне 50 мың литр су алатын мұндай объектілерді кез келген адам сала берсін деген сөз.

— Егер расымен суды үнемдегіміз келсе, салаға жана технологиялар енгізілуі керек. Ал, қазір ондай технологиялар енгізілгені де көріп отырған жоқпыз. Суды көп мөлшерде пайдаланатын мекемелерде, кәсіпорындарда, жылу-электр орталықтарында суды қайта пайдалану технологиясын енгізу қажет. Бүгінде тұщы су қорының қанша екенін болжаудың өзі де қиын. Себебі оны білу үшін ең ауелі аймақтарда гидрологиялық посттар болуы керек. Қазір бізде ондай посттар жоқ. Жерасты сулары қорына мониторинг те Кеңес үкіметі кезінде жүргізілген, — дейді Анар Тілеулесова.

### ГИДРОЛОГ ҚЫЗЫЛҚҰМНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНА АЛАҢДАУЛЫ

Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясын ұзақ жылдар бойы басқарған маманның бұл пікірін инженер-гидролог Мәлікәйдар Мұрат та растайды. Ол Кеңес үкіметі кезінде Қызылорда облысының жерасты суларына мониторинг жүргізумен айналысқан. Сондағы көпке беймәлім, бірақ мамандар көзімен көрген «сұмдықтың» естігенде, мәселенің күрделеніп бара жатқанын байқадық.

— Ленинград гидрометеорология институтын бітірген соң, Қарақалпақстан Республикасымен шекаралас бұрынғы Жанақала совхозы тұсында метеорологиялық станцияда жұмыс істедім. Кеңес үкіметі кезінде еліміздің барлық аймақтарында гидрогеологиялық экспедициялар болған. Қызылорда қаласының түбінде геологтар поселкесі болды. Сол уақыттары халық қоныстанбаған жерлер, жайылымдар үнемі тексеріліп, жерасты

суларының деңгейін, сапасын анықтау жұмыстары жүргізілетін. Облыстың жерасты суларының қартасына жасаған «Қазгидрогеология» атты мекеме болды. Скважиналардың, табиғи су көздерінің қысымы қадағаланып, скважиналардың барлығы белгіленген карта да болды, — деп еске алды ол.

Бұрын осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде жерасты суларының деңгейі болжанып отырған. Зейнеттегі гидролог Қызылқұм өңірінің қазіргі жағдайына қатты алаңдаулы.

— «Қазгидрогеологияда» жұмыс істеген кезімде, әр он күн сайын жерасты суларының деңгейін өлшеп тұратынбыз. Ол уақыттары су бір деңгейде болды. Жауын-шашын кездері ғана аздап көтерілетін. Кейін Байқоңыр ғарыш айлағы үшін су тарту қондырғысы салынды. Космосдромға көп мөлшерде жерасты суын ала бастаған кезде Қызылқұмның жерасты суларының деңгейі күрт түсіп кеткен еді. Содан кейін табиғи скважиналар тартылып та қалды, — дейді Мәлікәйдар Мұрат.

Кеңес одағы ыдырауының алдында болған бұл жағдай Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында назардан тыс қалып кетті. Сол кезде «Қазгидрогеология» мекемесі жабылып, мал шаруашылығы саласы да тоқырауға түскен. Сала ардагері әлі күнге дейін бұл мәселеге лайықты мән берілмей отырғанына алаңдаулы.

### ТӘЖІРИБЕ НЕГЕ ЕСКЕРІЛМЕЙДІ?

У.Ахметсафин атындағы Гидрогеология және геология институтының директоры Мәліс Әбеметов те қазіргі Су кодексіне жерасты сулары туралы сөз жоқ екеніне қапалы. Бұған қоса Қазақстанда су көздері негізінен трансшекаралық көздерге тиесілі.

— Дегенмен республикада жерасты су көздері көп. Олардың ең ірілерінің бірі Қызылорданың солтүстік-шығысында, тағы бірі Атырау облысында орналасқан. Балқаш көлінің аумағында да жер

астында термоминералды сулардың үлкен қоры бар. Құндылығы жағынан бұлардан кем түспейтін өзге де су көздері көп. Осынышама су ресурстарын сақтау мәселесін Экология министрлігінің Геология комитеті деңгейінде көтерді те. Бүгінде су құдықтарының қайда апаратынын, қалай жұмыс істейтінін, қанша су айдатынын анықтап, есепке алумен айналысып жатырмыз. Бірақ бұл бағытта да мәселе көп. Үйлердің ауаларында да қазылған несіз, қараусыз ұңғымалар қоп кездестіреміз. Бұрын Кеңес заманында олай болмаған. Барлық ұңғымалар тіркеліп, бір тізімге енгізілетін. Оны жауапты органдар үнемі қадағалап отыратын, — дейді Мәліс Әбеметов.

Ғалым жерасты суларын сақтау принциптері оны ұтымды пайдаланудан тұруы керек деп санайды. Екіншіден, тасқын мен еріген суларды жинау, тау жоталарында су қоймаларын құру қолға алынуы керек. Бұл ретте ол су мәселесін сәтті шеше білген Израиль, Австралия, Кипр, Улыбритания сияқты елдердің тәжірибесіне назар аударған жөн деген пікірде. Дәл жаңағы айтқанымыздай тасқын суынан бастап, жауын суы да тиімді пайдалануды аталған елдер әлдеқашан қолға алған.

Қорыта айтқанда, республикадағы су ресурстарының қорлары туралы нақты ақпараттың жоқтығы көптеген проблемаларға себеп болып отыр. Мысалы, көптеген ауылдарда ауызсумен қамту үшін құрау қаржы бөлініп, скважиналар бұрғыланып, блок-модульдер орнатылғанымен, онда бекітілген жерасты су қорларының жеткіліксіздігі байқалады. Жерасты су қорының мониторингін жүргізілмейтін өз алдына, көптеген су қоймаларында тіпті гидрологиялық бекеттер, тұщы су көздерінде гидрологиялық посттар жоқ. Соның салдарынан салада білікті мамандар да азайып барады. Қалай болғанда да, Қазақстандағы, оның ішінде су мәселесі өте өзекті болып отырған өңірмізде тұщы жерасты суларының қорын қайта бағалау өте өзекті мәселе.



## Қызылорда облысының елді мекендерінде жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-2 тармағына және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса берілген Қызылорда облысының елді мекендерінде жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидалары бекітілсін.
2. Күші жойылды деп танылсын:
  - 1) «Қызылорда облысының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қанғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы №262 шешімі (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркесу тізбегінде №4961 болып тіркелген);
  - 2) «Қызылорда облысының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қанғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы №262 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы №195 шешімі (Қызылорда облысының Әділет департаментіне 2018 жылғы 19 сәуірде №6259 болып тіркелген).
  3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы Н. Байқадамов**

КЕЛІСІЛДІ  
«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы \_\_\_\_\_ М.Нұрмағамбетов  
2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ  
«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы \_\_\_\_\_ Ж.Сарсенбаев  
2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ  
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің басшысы \_\_\_\_\_ Д.Жанбергеннова  
2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ  
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі \_\_\_\_\_ Б.Сұлтан  
2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

## Қызылорда облысының елді мекендерінде үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-2 тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса берілген Қызылорда облысының елді мекендерінде үй жануарларын ұстау және серуендету қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы Н. Байқадамов**

КЕЛІСІЛДІ  
«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы \_\_\_\_\_ М.Нұрмағамбетов  
2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ  
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы \_\_\_\_\_ Ж.Сарсенбаев  
2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ  
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің басшысы \_\_\_\_\_ Д.Жанбергеннова  
2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ  
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі \_\_\_\_\_ Б.Сұлтан  
2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Жоба  
Қызылорда облысының елді мекендерінде жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызылорда облысының елді мекендерінде жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң) және «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2022 жылғы 18 мамырдағы №162 бұйрығына сәйкес әзірленді және Қызылорда облысы аумағында жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру (иттер мен мысықтарды) тәртібін белгілейді.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

- 1) аулау қызметі – жануарларды аулаумен, уақытша ұстаумен және жансыздандырумен айналысатын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйым, сондай-ақ дара кәсіпкерлер және мемлекеттік емес заңды тұлға;
- 2) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;
- 3) жануарларға арналған панажай – тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған жануарларды, қараусыз қалған және қанғыбас жануарларды, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон жануарларды) ұстауға арналған және жабықталған мүліктік кешен;
- 4) жануарға қауіпсіздікпен қарау – жануардың өліміне, мертігуіне немесе оның саулығына өзге де зиян келуіне алып келген немесе алып келуі мүмкін қасақана іс-әрекет;
- 5) жануарларды уақытша ұстау пункті – табылған, ауланған қараусыз қалған және қанғыбас жануарларды, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон жануарларды) уақытша ұстау үшін әдейі арналған және жабықталған мүліктік кешен;
- 6) жануарды эвтаназиялау (бұдан әрі – эвтаназиялау) – жануардың ауырсынуын және физикалық қиналуын болжамай оны дәрі-дәрмекпен жансыздандыру;
- 7) қанғыбас жануарлар – иесі жоқ иттер мен мысықтар;
- 8) қараусыз қалған жануарлар – ұстау орнынан тыс жерде және жануардың иесі және (немесе) жауапты адам тарапынан бақылаусыз қалған жануарлар;
- 9) стерилизациялау – жануарды хирургиялық, дәрі-дәрмекпен не өзге тәсілдермен ұрпақ өрбіту қабілетінен айыру;
- 10) үй жануарларын есепке алу бұйымдары (құралдары) – үй жануарларын есепке алу үшін пайдаланылатын болнестер, чиптер және басқа да бұйымдар (құралдар);
- 11) үй жануарларын есепке алу жөніндегі деректер базасы (бұдан әрі – деректер базасы) – үй жануарының жеке нөмірі туралы, диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, оны ветеринариялық өңдеу туралы, үй жануарлары ұсталатын немесе тасымалданатын жылжымайтын мүлік объектілері мен көлік құралдары, жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігі туралы ақпарат, жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған үй жануарларын иелену тарихы туралы деректерді түркітудің бірінші айн, көп деңгейлі жүйесін көздегіш электрондық деректер базасы;
- 12) үй жануарларын есепке алу – үй жануарына жеке нөмір берілігін, тұрғылықты жері көрсетілген оның иесі және жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы мәліметтерді міндетті түрде;

3. Қараусыз қалған және қанғыбас жануарларды аулауды, тасымалдауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды аулау қызметі жүзеге асырылады.

4. Жануарларды аулау жұмыстары аулау

2. Жануарларды аулау

3. Қараусыз қалған және қанғыбас жануарларды аулауды, тасымалдауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды аулау қызметі жүзеге асырылады.

4. Жануарларды аулау жұмыстары аулау

қызметінің басшысымен бекітілген кестесіне сәйкес жүргізіледі.

5. Кесте жануарлардың шоғырлану орындарын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында олардың жиналу орындарының мониторингі нәтижелері бойынша және азаматтардың өтініштері бойынша жасалады.

6. Аулау жануарға жаракат сауды және мертігуді, азаматтардың денсаулығына, олардың мүлкіне, заңды тұлғалардың мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмайтын ізгілікті тәсілдермен жүзеге асырылады. Адамның және (немесе) жануардың өміріне немесе денсаулығына нақты қатер төнген жағдайларды қоспағанда, балалардың қатысуымен жануарларды аулауға жол берілмейді.

7. Аулау жануарларға зиян келтірмейтін құралдармен оқшаулау тәсілдерін, торларды, геледік оқшаулағышы бар ілестерді, ұстау алу кезінде бекітуге арналған У-түрінді бекіткіштерді (ротатин), Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған жануарларды қимылсыздандыруға арналған препараттарды қолдануға тыйым жүзеге асырылады.

8. Қоғамдық орындарда (көшелерде, аула аумақтарында, сабақтарда, скверлерде, қараусыз қалған ғимараттарда, қала шетінде, саяжай алқаптарында және басқа жерлерде) жануарлар иесінің қарауынасыз жүрген қараусыз қалған және қанғыбас жануарлар аулауға жағдайы.

9. Адамға жануарға шабуыл жасаған немесе адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қараусыз қалған және қанғыбас итерді, жануарларды, оның ішінде кемінде үш дарактан тұратын топтасқан иттерді мекендеу ортасынан аулау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған жануарларды қимылсыздандыруға арналған препараттарды қолдануға жол беріледі. Аулау қызметі еркін нысанда акт жасайды, оған кемінде екі куәл қол жазу және оны аулау қызметі апаратық жүйеде тіркейді. Қулау болмаған жағдайда аулауды тіркеудің техникалық құралдарын қолдануға (бейнеүгірірім) жол беріледі.

10. Қараусыз қалған және қанғыбас иттер мен мысықтарды аулау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде аулау қызметі мамандарының өзімен бірге осы Қағидаларға қосымша сәйкес белгіленген үлгідегі аулау қызметінің куәлігі (бұдан әрі – куәлік) болды және олар азаматтардың талап етуі бойынша көрсетіледі.

11. Аулау қызметі өз қызметкерін осы Қағидаларға қосымша сәйкес белгіленген үлгідегі куәлігімен қамтамасыз етеді.

12. Ауланған жануарларды тасымалдау Заңның 12-бабына және Жануарларды тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жануарларды уақытша ұстау пунктінде ұстау

13. Ауланған жануарлар уақытша ұстау пунктінде орналастырылады немесе жануарларға арналған баспанға беріледі және деректер базасында тіркелуге жатады.

14. Уақытша ұстау пунктінде жануарларды ұстау, азықтандыру, қарау, жансыздандыру, қажетті құрал-саймалармен жаракаттандыру жөніндегі іс-шаралар қамтамасыз етіледі.

15. Уақытша ұстау пунктінде клиникалық тексеру және деректер базасында тіркесу жүргізіледі.

16. Жануарларды ұстау Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасымен талаптарына сәйкес профилактика және диагностиканы қамтамасыз етеді.

17. Уақытша ұстау пункті металл торлармен және (ірі) дарактан орналастырылады.

18. Тордың мөлшері жануарларға еркін тұруға, жатауға және өздеріне тән тәсілмен еркін айналу мүмкіндік береді.

19. Ауланған жануарларға күтім жасалады, күнделікті механикалық тазарту және жасушаларды дезинфекциялау жүргізіледі.

20. Үй-жайлардың қабырғалары мен елендік қабырғаларының беті тегіс, жинауға және дезинфекциялау ыңғайлы.

21. Жануарларды ұстау шарттары олардың биологиялық, тұр және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін, олардың табиғи қажеттіліктерін қанағаттандырады.

22. Азықтық рационды және жануарларды азықтандыру режимін уақытша ұстау пунктінде

жауапкершілікпен қарау және денсаулық сақтау салаларындағы заңнамасының талаптары бұзылған кезде қоғамдық орындарда, ұстау орындарында;

2) ортақ пайдаланылатын орындарда (баспақтар, лоджиялар және ортақ пайдаланылатын қосалқылар);

3) үй маңындағы аумақтарда (жеке тұрғын үйлердің үй маңындағы аумақтарынан басқа);

4) асүйлер мен жатақхана дәліздерінде.

6. Үй жануарларын иесі және жауапты адам тұрғын және тұрғын емес үй-жайларында, оның ішінде кондоминиум объектілерінде, қоғамдық орындардың үй жануарларын ластануына, иттер мен мысықтардың тарапынан 23.00-06.00 уақыт аралығында тыныштықтың бұзылуына (үрп-ұлуы және т.б.), қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол берілмейді.

7. Бірінше отбасы тұратын тұрғынжайда (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, мотель және өздерінің тұрғын үй) үй жануарларын ұстау медициналық қарсы көрсеткіштері ескерте отырып, барлық тұрғын көпестік төнген отбасы мүшелерінің келісімімен жүзеге асырылады.

8. Бау-бақша, саяжай кооперативтерін, демалыс үйлерінің аумақтарында санитариялық-гигиеналық ережелердің талаптарын сақтай отырып, үй жануарларын ұстауға жол беріледі.

9. Үй жануарлары бар адамдардың жатақханалар мен қонақ үйлерде уақытша болуына Қазақстан Республикасы заңнамасының санитариялық-гигиеналық және өзге де талаптарын сақтай отырып, жатақханалар мен қонақ үйлерде белгіленген ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес көрсетілген ұйымдардың келісімімен жол беріледі.

10. Үй жануарларын қараусыз қалдыруға жол берілмейді. Қарау мүмкін болмаған жағдайда үй жануарының иесі немесе жауапты тұлға:

- 1) жануарды үй жануарларына арналған панажайға уақытша күтіп-бағуға орналастырады;
- 2) үшінші адамдарға уақытша күтіп-бағуға береді;
- 3) зоологиялық жатынжайға орналастырады.

11. Үй жануарын одан әрі ұстау мүмкін болмаған жағдайда жануар иесі және жауапты адам үй жануарын одан әрі орналастыруға шаралар қабылдайды.

12. Иттерді өзіндік серуендеуін және адамдар мен жануарларға шабуыл жасауды болдырмайтын жағдайларда ұсталады. Мұндай жағдайлар болмаған жағдайда ит байлануы немесе үйшікте болуы.

3. Үй жануарларын серуендету тәртібі

13. Үй жануарларын серуендету адамдардың, басқа жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың мүлкіне үй жануарларының зиян келтіруден қорғау талабымен жүзеге асырылады.

14. Үй жануарларын иесі және жауапты адам қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қызылорда облысының жергілікті өкілді органдары белгілеген тәртіпін үй жануарларын серуендету ережелерін сақтайды.

15. Үй жануарларын серуендету кезінде иелері және жауапты адам келесі талаптарды сақтайды:

- 1) үй жануарларын серуендету кезінде белгіленген орындарда ұзындығы 2 (екі) метрден аспайтын қарғы баумен тұмалдырықсыз се-

басшысы жасайды. Азықтарды сақтау және пайдалану оларды өндірушілер белгілеген сақтау шарттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

23. Жануарларды азықтарды күніне кемінде бір рет, оның ішінде мысықтарды күніне кемінде екі рет жүзеге асырылады.

24. Иетін ұлдыстар мен басқа да су көздері әрбір жануарға таза ауыз суға тұрақты және шектеусіз қол жеткізуді қамтамасыз ететіндей етіп орналастырылады. Ауыз суды ауыстыру тәулігіне кемінде бір рет жүзеге асырылады.

4. Жануарларды жансыздандыру

25. Адамға, жануарларға шабуыл жасаған немесе адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жануарлар, оның ішінде кемінде үш дарактан тұратын топтасқан жануарлар, емделмейтін аурулармен ауыратын жануарлар Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған препараттармен, дәрі-дәрмекпен (эвтаназиямен) ізгілік жолмен жансыздандыруға жатады.

26. Жануарлардың өлекселерін қалғашы жұртты арнайы кремациялау пештерін орнатылған орындарда, мал қорымында (биотермиялық шұңқырларда) аулау қызметі жүргізіледі.

27. Қанғыбас жануарлардың санын уларды, химиялық препараттарды пайдалануды қоса алғанда, жеке келген тәсілмен жансыздандыру жолмен реттеуге жол берілмейді.

Қызылорда облысының елді мекендерінде жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың қағидаларына қосымша

Нысан

Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі

Қағазда жасалған және қорғаныс пленкасына салынған куәліктің мөлшері 54x85 миллиметр болады.

Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі (1)

Ұйым атауы (2)

№ \_\_\_\_\_ (3)

QR-код (4)

Фотосурет (5)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (6)

Берілген күні: \_\_\_\_\_ ж. (7)

Әрекет ету мерзімі \_\_\_\_\_ ж. дейін (8)

Осы құжаттың түпнұсқалығын деректер базасы арқылы тексеру аласыз (9)

1-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

2-жол – жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметінің қызметкері жұмыс істейтін ұйымның атауы көрсетіледі;

3-жол – деректер базасында жинақталатын және қалыптастырылатын куәліктің бірегей сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

4-жол – мөлшері 30x30 сантиметр деректер базасында автоматты түрде тұтылатын QR-код түріндегі куәліктің бірегей сәйкестендіру нөміріне арналған орын;

5-жол – жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің өлшемі 3x4 сантиметр фотосуреті арналған орын;

6-жол – жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

7-жол – күні, айы, жылы форматы бойынша куәліктің берілген күні көрсетіледі;

8-жол – күні, айы, жылы форматы бойынша куәліктің қолдану мерзімі көрсетіледі;

9-жол – «Осы құжаттың түпнұсқалығын деректер базасы арқылы тексеру аласыз» деген жазу көрсетіледі.

10-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

11-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

12-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

13-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

14-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

15-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

16-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

17-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

18-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

19-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

20-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

21-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі»

22-ж





## Шапағат шашқан күн



Құрбан айт мерекесінің екінші күнінде Сексеуіл кентінде жаңа мешіт пайдалануға берілді. Тілеуқұл ишан атындағы имандылық үйінің ашылуына тұрғындар мен ардагерлер, кенттен түлеп ұшқан азаматтар жиналды.

Көпшілік бас қосқан шарада облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқаматов қазіргі кезеңде тұрғындарды ізгілікке, мейіраңдылыққа шақыратын мешіт қызметінің маңызы зор екенін тоқталып, облыс әкімінің құттықтау хатын табыстады.

Одан соң кент тұрғындарын қасиетті мерекемізге тәрбиелеуге қолдау қызығушылығымен құттықтаған аудан әкімі С.Серамағамбетов ғибадат үйінің халықты ізгілікке бастап, рухани жол сілтеуші орталыққа айналуына тілектестігін білдіріп, естелік ретінде сый-сияпат табыс етті.

Құрбан айт мерекесінде өткен мазмұнды шараға тұрғындар қуанышына ортақтаса келген Парламент мәжілісінің депутаты Бакытбек Смағұл мен Геннадий Шиловский қатысып, ақжарма тілектерін білдірді.

Ғимарат құрылысына осы өңірден түлеп ұшқан азаматтар мен Сексеуіл кентінің және ауданның біршама кәсіпкерлері бірлесіп аталысып, демеушілік жасаған. Бір мезетте мың адам құшылық ете алатын мешітке ерлер мен әйелдер намазханасынан бөлек, екі дәрісхана және имамдар бөлмесі қарастырылған.

«Сb» ақпарат

## Төсбелгі табысталды



Сыр елі шығармашылық өкілдерінің ортасында шоқтығы биік ақын, қаламы қарымды журналист, облыстық «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Дүйсенбек Аяшулы ҚР Ішкі істер министрлігінің «Қазақстан полициясына 30 жыл» төсбелгісімен марапатталды.

Аймағымыздың талай жылғы тарихында қарымды қолтаңбасы бар қалам иесіне марапатты тапсыру үшін сатирик, ҚР ІМ-нің Еңбек және Құрметті ардагері Қазыбек Әшірбекұлы мен Аунған соғсының және Ішкі істер саласының ардагері Нұрсұлтан Ибадуллаев «Сыр бойы» газетінің редакциясына арнайы келді. ҚР Ішкі істер министрлігінің «Қазақстан полициясына 30 жыл» төсбелгісінен салтанатты түрде табыс еткен сала ардагерлері Дүйсенбек Аяшулының табиғи талантына, азаматтық тұлғасына айрықша баға беріп, туындыларында ешкімге ұқсайтын ерек қолтаңбасы барын атап өтті. Сондай-ақ, оның шығармалары оқырман жүрегіне жол табырына сенім білдірді.

Айта кетейік, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі Дүйсенбек Аяшулы биыл 60 жасқа толып отыр.

«Сb» ақпарат

● МЕРЕЙ

# ТҰЛПАР ТЕКТІ ҒҰМЫР

Ауылының ғана емес, күллі Сыр аймағының намысын ат жалына түйіп, талай аламанның алдын бермеген Әуезхан Қыдырбаев – қызылордалықтар үшін қадірлі есім.

Кеңес өкіметі жылдары озат жылқышы болып, Шиелі ауданының бірнеше шаруашылықтарының дамуына ерен еңбегі сіңген адам. Атасы Сарымсақ деген кісі мұрап екен. Бүгінде осы ауданның «Ортақшыл» ауылы маңында «Сарымсақ каналы», «Сарымсақ бауы» деген жер атаулары да бар. Бұрынғы кезде ел тірлігінің қан тамырындай болған каналдар қолдап қазылған. Қара кетпенмен тоң қақыратып, топырағын өткелектеп лақтыратын бұл тірлікті біз темір тісті тракторлардың ғана атқарғанын көрген ұрпақпыз. Ал, ол кезде азаннан қара кешке дейін мыңдаған кетпенші қатар тұрып жер қазған. Сарымсақ аталарымыздың сондай еңбегіне бүгінгі күні Еңбек Ері атағын берер ме едік, ол кездегі ең үлкен мадақ «Правда» газетінің мақаласы болған.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ, «Сыр бойы»

Сарымсақ атаның ұлы Қыдырбай соғымса аттанғанда Әуезхан іште қалған бала екен. Әкесін көрмеген, «әкең келеді» деген сөзді ғана естіп өскен Әуезхан кішкентайынан ширеген асықтай ширақ, арманшыл болып ержеткен. Екі ағасы Әлдіар мен Шайхисламның алдына түсіп, су тасытып да, отын жататып да өзі. Үш баланы еңбекпен ер жеткізіп, қатарға қосқан анасы Әуезханды ешқашан қиындықтан қорықпауға, әрнені де ақылмен алуға үйретті. «Әркімді Қыдыр деп біл, әр күнді қадір деп біл» деп тәрбиеледі.

Танмен таласа тұрған үлкендерге еріп ілібіп, қолхоздың күрші отағына бара жататын он жасар баланың бөлі беріш боп, қолы құрыш боп қатып, арқасы киізденіп, алаканы мүйізденіп ержетті. Әскерге барып келіп, алдымен тракторшы, сосын шоғыр болып автобазға жұмысқа тұрды. Жастайынан атқа жайдақ мініп, көкпар шауып өскен жігітті сол бір ағаш қорапты ымыранған машинаның жүрісі ығыр қылатын. Сосын ара-тұра көкпар дүбірін шыққан жаққа тартып кететін. Ақыры атқұмарлығы жеңіп, машинаны тастап, «Ортақшылдың» Құрманбек атты жылқышысына көмекші болып шыға келді. Тағдыр адамды жасай ма, адам тағдырын тандай ма, бұл – әлі басы ашылмаған мәселе. Біздің білетініміз, жас Әуезханның жылқышы болуы оның тағдырына айналды. Осы кәсібімен туған еліне пайдасын тигізді. Жылқышыға қойылатын талаптың барлық үлесін шықты, төрт жүз жылқыны жусатып өргізді. «Тай – атқа, ат – мұратқа жеткізер» деген мәтелдің мәніне бойлады. «Шабаңға мініп жылғағанша, асауға мініп құла» демекші, аттың арқасында намысшыл, жігерлі, жүректі болып өмір сүрді. Бір кездері Әуезханның асауға бұғалық лақтырғандай, тағы қасқырды жіппен буындырып қолмен ұстағаны да аңыз болған.

Әуезханның айтқан бесісі жүйрік туды, көкпар салған үйдің келіні құрсақ көтеретін бұрынғының Күренбай сыншысындай аты тарай бастап, ең алғаш бәйгеге қосқан жүйрігі Қарақасқа аты сонау 1968-ші жылы бәйге алған еді. Содан бері жүзі жерге қараған емес. Баптағаны шашты, қосқаны келді.

1972 жылы Әуезхан Қыдырбаевқа «Гигант» совхозы қолқа салды. Осы шаруашылықта көп жыл жылқышы болған ағамыз талай табысқа жетті, тәжірибесі көпке таратылды. Бұлайғы жұрт жүз жылқы бақса, ол алдына жеті жүз бас қоғам малын салып, бабын тапты. Жалпы, отыз жылдан аса қолынан құрығын тастамады.

Осы жылдарда ат бабын Әуезхандей біліп, жылқы жанын түсінген мұндай біреу болды деп айту қиын. Ол кісінің білгірлігіне көз жеткізгенде жылқы университетін тауысқан шығар деп қаласыз. Тіпті, жылқыға қатысты этнолексика қоры да қызықтырмай қоймайды. Қарапайым біз «ат» немесе «жылқы» деп айтатын жалпылаушы атауды – жылқышы, арғымсақ, сәйгілүлік, жүнт, ылау, тұлпар, құлын, тай, жабағы, құнан, дөнен, бесті, байтал, сойтал,

құнажын, дөнежін, айғыр, сәуірік, қысырақ деген сияқты сөздермен жіктенгенде танғалмауға бола ма?! Енді білігір дегенімізге бір дәлел айтайық.

Сексенінші жылдардың аяғына таман ат спортына ерекше мән берілді, жылқыны асылдандыру жұмысы жолға қойылды. Бұл мәселе біздің облысымыз да құшына кірісті. Республикалық бәйгелер бірінен соң бірі дүркіреп өтіп жатты. Дәл осы кезде Шиелі ауданы да өзіннің жүйріктерін шығаруға бекінді. Бұған дейін Әуезханның Ташкент жақтан әкелген аттары облыстық бәйгелердің алдын бермей жүр еді. Осыған байланысты жаңа тұқым алдырып, үлкен жарыстарға ат қосу мақсаты бар шаруашылық басшыларының таңдауы тағы да Әуезхан түсті. Сөйтіп, ол басшылардың жұмысымен Алматыдағы республикалық орталық ипподромға маңдай тіреген. Мұнан әрі Алматыда зауытына келді. Ал, бірақ бұлар ат сату жағына келгенде маңайлаптай қойды. Өйкені, көзі танитын адам болса, жүйріктерімен қоса бұйыраңды жүзделерін де сағып алып кетеді деген ойлары бар. Ақырында ауру малды бөлектеп қойған тұрақты аралап көрді, сол жерде бір ақсақ атқа көзі түсті. Сұраса зауыттағылар оны да бергісі жоқ, бірден біліп тұрғандары шамалы, әйтеуір сапша керек дегенді сақтап тұр. Әуезханның бірге келген көлік жүргізушісі Махмұт жүз үстінде осы ауданның ауылшаруашылығы бөлімі бастығын танимын дегені есіне түсті. Екеуі әскерде бірге болыпты. Ендеше, сол кісіні табу керек. Сонымен, Махмұт Алматыдан іздеп жүріп, ескі досымен құшақтасып қауышты. Достың аты – дос, дастархан жайылып, бұныға түсер сусынды да жұтынып келіп қалды. Әңгіме бастауға қолайлы кез. Дегенмен, бастық адам зауыттан ат сатып алу жағын жайырмай отыр.

– Мен сізден сәйгілүлік сұраймын, бір ауру атыңызды сатсаңыз жетеді, – деді Әуезхан. – Әзілден тұрмасан, ала ғой, – деді бастық. Бұл атқа «Брек» деп есім берген екен. Дәл сол аттан тұқым алып, оны баптап бәйгеге қосып, ол озып келем дегенше кім бар, кім жоқ... әрине, сенбеген кісі солай демегенде қалай десін.

Бректің аяғының арасы кең, тұяғы тік, бауыры жазық, көзі алдамаса алдына қара салмас. Алайда, әңгіме ауылға келгенін басталды. Әуезхан ат әкел деген ақшаға ауру мал алып кайтыпты деп жұрт гуледі. Тұлпар емес, тулақ әкеліпті деді. Ат банктері талай тәсілді білетін. Жануардың жарасын жазып, аяндағын, желдіріп, ашы терін шығарды, аптасына бір мәрте сыйрдың шікі сүтімен суарды. Бір уыс шөбін, бір жұтым суын есептеп берді. Содан күз түсті, сабантой бәйгесі берілген күн келді. Әуезхан осы бәйгеге екі атын алып барды. Оның бірі – Брек, бірі Талғардан әкелген «Система» дейтін сәйгілүлігі еді. «Ат шаппайды, бала шабады» дегендей, Әуезханның баласы Қайрат пен Дархан кішкентайынан жайдақ атпен шауып үйренген. Бұл жолы да Брекке Дар-



хан мінген. Жұрттың әңгімесі баяғы, «ақсақ ағы аяғын жанғанмен, белін жаза алар ма екен?» дейді. Сол жолы Брек аламанды қырық қаралы атты шаңына көміп, дара келді. Ал, Система ток бәйгенің бірінші орнын алды. Енді, ақсақтан арғымсақ шығарған Әуезханді көріпкел дейсіз бе, көрген сыншы дейсіз бе, өзініз білерсіз!

Сол оқиғадан кейін жұрт Әуезханға бабы туралы ештеңе демеітін болған. Бәрін айт та, бірін айт Брек Сырдың намысын қорғаған сәйгілүлікке айналды. Осы Брекпен араға жылдар салып – Сұңқар, Сулеу, Кастет, Ызғар деген жүйріктер шықты. Бәйге артынан бәйге келді, ат – Әуезхандікі, атағы – елдікі.

Ызғар демекші, бұл тұлпар 1995 жылы ЮНЕСКО көлемінде тойланған Абайдың 150 жылдығында 20 шақырымдық ток бәйгеге түсіп, бірінші болып келген. Татарстан президентінің қолынан «КамАЗ» жүк көлігін ұтып алған. Көп жұрттың әңгімесі осы туралы болғанмен, бұл тойдағы жүрек тебіренетін оқиға жайында біле бермейтін.

Сол оқиға – мынау. Облыс бойынша бәйгеге жолдама алған жеті аттың бірі Сұңқар болатын. Қас қылғанда жалай жанындағы ат теуіп, Сұңқар ақсап қалды. Шығысқа жеткенде тұяқ тиген жарасы асқынып, әбден әбігерге салды. Баяғы Брекке айтылғандай әңгіме тағы басталды. «Жұрттың сау атына бермей, Әуезханның ақсақ атына жолдама беріліпті, сонынан санайтын бәйге алмақ па?» деген сөздер «бәйгеге» түсті. Күн бұрын Семей жеріне апарылған аттар бапталып жатыр. Бәйге күні жақын, жануарлар осырынып, жазық далаға көз тастап тұрады. Ал, Сұңқардың жайы көңіл көншітпей-ақ қойды, жаққан май, ораған шүберек жараны жазбады. «Атыңды өлтіріп аласың, бәйгеге салмай-ақ қой» деген жанашырлар да табылды. Сонда тұ-у Сырдан Шығыстауға шөп жеуге әкелді ме? Әуезханның кеудесін намыс бұды. Ал, атқа шабатын сегіз жасар Асхан жылпа жүр. Оның бар ойы – бәйгеге шабу. Сонымен, бәйге күні келді. Сұңқардың ақсақтан жүргенін көрген ұйымдастырушылар атты есептен шығарып тастағысы да келген. Әуезхан оған көнбеді. Кішкентай Асханның таудай талабын жығып, меселін қайтарудың өзі қандай азап еді.

«Ер астында ат өлер, қайғы астында өр өлер», тәуекел, Сұңқар бәйгеге қосылды. Ақсақ ат мінген Асхан кеудесін кере тыныстап, айналдасындағыларға манғаздана қаралды. Қорықпады, тым болмаса ә дегенде көптің алдына түсетіні анық, сосын жарыстан шығып қалса да, мейлі. Не деген құштарлық, не деген намыс! Сөреге шоқалақтап барып, қатарға тұрған атты мыңдаған көз көріп отыр. «Обал-ай» деседі. Күліп жатқандар да жоқ емес. Ақан серінің атын сыңға алған көптің: «Осы ма Құлдәрің деседі жұрт, жүйрігі жануардың қай жағында...» дегені сияқты.

Асхан шу дегеннен аттың басын жіберді. Құлағын тіктеп, тәуекел басын тік ұстаған жануардың сол кезде тұрқы өзгеріп кетті. Текті тұлпар құлағы сүйген кикуда аяғының ауырсығанын елемеді, жанының қинағанына қарамады. Бар күшін сау аяқтарына салып, серпіле созылып, шырыла жиналып, жолбарыша атты. Бір айналым емес, шешуші сәтке дейін басқа аттардан оқ бойы озық отырды. Бағанағы аяп отырған жұрт «астапыралла» деп орындарынан тұрып кетті. Ақсақ ат бірінші болып келе жатыр! Соңғы айналымға шыққанда ғана бар күшін сарыққан Сұңқар сыр берді. Алдының ақсақ аяқтың тұяғынан саулаған қан топырақты илеп келеді. Үш аяқпен шауып келе жатқандай. Сол кезде жанынан бір емес, екі емес, үш ат басып озды. Жануар осы сәтте шырықпап кісінеп жіберді, жалт-жұлт еткен көзінен жас парлады. Хас тұлпардың сол кездегі қорланғанын егесінен басқа кездегі біреу болды ма, жоқ па, қайдам... Әйтеуір осы суретті көңіліңде сақтап қалғандар көп. Айналымның ақырғы сәтінде жанұшырған Сұңқар үш аяқтап секіріп, мәрәні төртінші болып қиды.

Сөйтіп, Сұңқар 40 шықырымдық ұлы аламанды 12 жарым мың долларлық жеңіл көлікті жеңіп алды. Ал осы бәйгеде Брекпен туған үш бірдей – Сұңқар, Ызғар, Кастет деген жүйріктердің жүзде алғанын жұрт ұмытқан жоқ. Кастет аламанды 6-шы келіп, шетелдік темір тұлпар ұтты.

Біз неге Әуезхан ағамыз жайын жазамыз деп, жылқыны әңгімелеп кеттік? Себебі, бұл кісінің өмірін тұлпарларсыз естелету қиын. Сол тұлпарлар секілі туымды ұрпақ өсірді. Бисенкүл ана екеуі өмірге бес ұл, үш қыз әкеліп, олардан жиырмадан аса ұрпақ сүйді.

Әуезхан аға 1942 жылы 9 шілдеде Шиелі ауданының Ортақшыл ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң 1958-1959 жылдары №97 СІПУ-да білім алған, механизатор, шофер болып жұмыс жасаған. 1966-1972 жылдары Сырдария совхозында жылқышыға көмекші, «Гигант» колхозында жылқышы болып еңбек етті. 1975 жылы «Қарғалы» совхозына, 1978 жылы Еңбекші совхозына жылқышы болды. 2005 жылы зейнеткерлікке шықты. 2017 жылы облыс әкімінің Құрмет грамотасын алды. Елі дәрліні көтерді, былтыр Шиелі ауданының құрметті азаматы атанып алған атақты атсейіс биыл 80 жасқа толды. Бүгінде бала-шаға, бау-шарбағыммен саялы бөйтерекке айналды, әулеттің ғана емес, аудандағы үлгілі отбасы болып, атағы алысқа кетті. «Ат тұяғын тай басар», Әуезханның атсейістігі оң екі жасар немересі Дамирге қонады дегендер бар. Қазір бәйгеге шауып жүрген сол бала. Малдың жайын алақанының қыртысындай білетін Фархаты қарашанырақтың абыройын биіктетіп отыр.

Ауылдың ақылғой ақсақалына алыс-жақыннан жылқының жайын сұрап келетіндер көп. Біреу кіріп, біреу шығып жататын үйінің ауласынан береке мен ырыстың ырғағы таркамайды...

● ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

## Майдангерге тағзым

«Еңбек Қызыл Ту» орденді «Шіркейлі» ауылының Мәдениет үйінде «Майдангерге тағзым» атты кеш өтті. Ән шыққалды, күй төгілді. Танымал термешілер, әншілер өнер көрсетті. Тағы бір ерекшелік, сахна төрінде қазақша күрестен сайыс өтті. Кеш соңынан марапаттау басталды.

Сұрапыл соғысқа қатысып, майдан даласында хабарсыз кеткен Құлболды ишанның немересі Шахабәддин Әкімалов еді. Самарқанда алты айлық сержантұр қурсын бітіріп, Курск, Брянск, Украина жерінде атқаштар ротасында әскери борышын өтеді. Бар-жоғы 23 жастағы азаматтың соңғы хаты 1943 жылы жазылды. Содан хабарсыз кетті. Әр хатында туған жерге сағынышын төкті. Поэма, өлең-жырларын анасына, әкесіне, туған бауырлары Патыма, Мұхтарима, Мәшендерге арнады. Сол хаттарды туған қарындасы Мәшен сақтаумен келді. Ақынжанды азаматтың туған жерге деген махаббаты өлең-жырларында төгіліп тұрғаны сезіледі.

Мәдениет үйіндегі кеште аудан әкімі М.Ерғешбаев, ардагерлер И.Әбібуллаев, Қ.Құдайбергенов, Қ.Мырзахметұлы, Қ.Мақашев тағылым мол кештің гиратты жағына тоқталды. Ауыл орталығындағы Ә.Жәмішев атындағы мектептің шәкірттері орындаған жауынгер жырларындағы, хаттардағы эпизодтар жан тобықтарлық болды, бірамізді тейлеткендей әсер берді.

Кеш соңы ас беру рәсіміне жалғасты. Ауылдағы Мәді қайық серіктестігінің төрағасы Сейіткамал Сұлтанов осынау іс-шараны өткізуге бастамашы болғанын баяндап, майдангерлерге тағзым етуге, рухына бас июге шақырды.

Жиналған жұртшылыққа жауынгердің ағайын-туыстары Абзал, Мәшен, тағы басқалар шынайы ықыластарын білдірді.

Қайыр ҚОРАСАНИ

## Індет қайта өршіп барады

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының хабарлауына, кейінгі екі аптада вирус жұқтыру 30% өскен. Еуропа мен Америкада омикронның Би-Эй 4 және 5 деген түрлері кең етек жая бастады. Ал Түркістанда вирустың жаңа өзгерген нұсқасы тіркелген.

Ал Түркияда кейінгі екі аптада коронавирус инфекциясы бес есе өсті. Азаматтардың негізгі бөлігі омикрон штаммы жұқтыруда.

Қазір коронавирус белгілері мен ағым бойынша басқа ЖРВИ-ден ажыратылмайды, алайда ол әртүрлі аурулардың қозуына әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, ол әртүрлі тромбоз-эмболиялық асқынулардың дамуымен жүрек-тамыр жүйесі, тірек-қимыл жүйесі, тері, өкпе, әртүрлі аутоиммунды аурулардың манифестациясымен немесе қозуын тудыратын қиын ауру болып қала береді.

Таза ауада сәруендеп, тыныс алу жаттығуларын жасап, жаңа піскен жемістер мен көкөністерді пайдалану аурудан кейін қайта қалпына келуге көмектеседі. Егер аурудың белгілері ұзаққа созылса, онда өзі бұрын білмеген аурудың өршуіне алып келуі мүмкін жағдайға тап болмас үшін наукас дәрігермен кеңесу керек.

«Сb» ақпарат